

**Ата-аналар ұжымымен ынтымақтаса жүргізілген жұмыстар есебі /1 тоқсан бойынша/
/2024-2025 оқу жылы/**

1-қыркүйек күні мектебімізге 242 бала бірінші сыныпқа қадам басты. **«Мектебім-мейірім мекенім!»** атты 1-сынып оқушыларына арналған салтанатты жиын өтті. Жиынға 1 сынып бүлдіршіндерінің ата-аналары қатысты. Жиын барысында бүлдіршіндер тақпақ айтып, ән жолдады. Салтанатты жиынға – Өрлеу біліктілікті арттыру ұлттық орталығы директорының орынбасары Есжанова Гульназ Мылтықбайқызы қатысып, жылы лебізін білдірді.

https://www.instagram.com/p/C_XfNXfsPiv/?igsh=a3Z2dHd2cTZpaDR2

Білім күні **«Мектебім – мейірім мекені!»** тақырыбы аясында 1 сыныптар «Мектепке алғашқы қадам!», 2-4 сынып «Мен үшін қымбат-мектебім!», 5-7 сынып «Жаңа жетістіктерге жетуге дайынмын...», 8-11 сынып оқушыларына «Ой.Арман.Мақсат» тақырыптарында бірыңғай білім күніне арналған патриоттық сынып сағаттары өткізілді. Сынып сағатының мақсаты: білім алушылармен бірге білімге ұмтылу, отаншылдық, еңбексүйгіштік құндылықтарының адам өміріндегі рөлін талқылау. Сынып сағатына 1-11 сынып оқушыларының ата-аналары қатысты. Сынып сағатының шеңберінде ұлттық құндылықтардың, патриотизмнің, адалдықтың, адам өміріндегі бір-біріне деген құрмет пен сенімнің рөлін талқылауға ерекше назар аударылады. 2-қыркүйекте **«Менің отаным-Қазақстан!»** Тақырыбында бірыңғай сынып сағаттары және «Жеке қауіпсіздік» сағаты 1-11 сыныптарда берілген тақырып бойынша 10 минуттық түсіндірме жұмыстары жүргізілді

https://www.instagram.com/p/C_a-tl3M9xR/?igsh=MWY3ODNmeWlsNDRybQ

https://www.instagram.com/p/C_a_BEas2wH/?img_index=1&igsh=Y2t2MWF6YW5hNmI4

Отбасы күні мерекесіне байланысты «Отбасы- бақыт ұясы» атты апталық ұйымдастырылды. Осы апталық, аясында 7«Ж» сынып оқушылары қыз балалар ұжымына аналарының қатысуымен **«Отбасы- бакыт мекені»** тақырыбында сыр-сұқбат өткізілді. Іс-шарада қыз балалардың аналары және әжелері Толқын Дүйсенқызы, Майгүл Алтынбекқызы, Ырыскул Ысмағұлқызы қонақретінде қатысты. Сыр-сұқбат барысында қонақтар тарапынан қыз балаларға қатысты, жалпы бала тәрбиесі, отбасы құндылығы жайлы ой козғалды. Қыз балаларға қатысты тағылымы зор кеңестер берілді. Іс-шараның тәрбиелік тағылымы мол болды. Ұйымдастырушы сынып жетекші Г. Спатова.

Отбасы апталығы аясында **«Отбасы құндылықтары мен ұлттық тәрбие»** атты сынып сағатты өткізілді. Сынып сағаты барысында оқушылар өздерінің отбасы жайлы, отбасындағы ұстанымдары туралы пікір алмасты. Сынып жетекші тарапынан отбасы құндылықтарын, бала тәрбиесіндегі отбасы мен ата-ананың рөлі жайлы түсіндірме жұмыстары жүргізілді. **«Отбасы - бақыт ұясы»** атты апталық 3 «3» сынып оқушыларының ата-аналарының қатысуымен «Отбасы –

аялы алақан мекені» тақырыбында сыр - сұқбат өткізілді. Сыр-сұқбатқа оқушылардың ата-әжелері Альпеисов Есенбай, Серікбаева Сауле, Абильдинова Гулшат, Калыкова Зере апаларымыз қатысып, отбасы құндылығы жайлы тәрбиелік мәні зор ақыл кеңестерімен бөлісті. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Нуртазина Бакытгул Койшыбекқызы және сынып жетекшісі Хасекенова Замзагул Телеуханқызы сөз сөйлеп құттықтады.

https://www.instagram.com/p/C_k7Deos7nt/?igsh=cDNzZHRoa3l4Zjk1

https://www.instagram.com/p/C_uc6xesdJB/?igsh=OTZ3eHNjZmE2cGI2

9-13 қыркүйек «Ата-ана – ұстаз – оқушы: болашаққа бағытталған ынтымақтастық» тақырыбында ата-аналар жиналысы өткізілді.

Күн тәртібінде: «Танысу» тренингі немесе жағымды орта орнату, мектепішілік ішкі тәртіп ережесімен таныстыру, біртұтас тәрбие бағдарламасы бойынша әлеуметтік жобалармен танысу және жоба таңдау, мектепішілік үйірмелер туралы ақпараттандыру, ата-аналар комитеті құрамын бекіту және әр түрлі мәселелер айтылды. Ата-аналардың жиналысқа қатысу белсенділігі жақсы деңгейде. Іс-шара соңында ата-аналар пән мұғалімдерімен кездесіп, оқушылардың оқу үлгерімі бойынша, пәнге қатысты жеке сұрақтарына жауап алды. Ата-аналар толғандырған сұрақтарына жауап алып, мектеп тынысымен кеңінен танысты. Қыркүйек айында 5ші және 8ші сыныптың қыз балаларының ата-аналарына медицина қызметкерлері тарапынан «АПВ-та қарсы вакциналардың қауіпсіздігі мен тиімділігі» тақырыбында түсіндірме, ақпараттандыру жұмыстарын врач - Майра Сарбасовна, координатор Ботакөз Амантаевна, резидент -Мирас Ержанулы, педиатор Азамат Кенжеболатулы таныстырды. Мектеп психологтары Әріпова Р.К, Мухамадиярова М.М 2024-2025 оқу жылындары бірінші сынып оқушыларының ата-аналарымен жиналыс өткізілді. Психологиялық, қызметтің алдағы жұмыстары туралы хабардар етті. Бірінші сынып оқушыларының ата-аналарына оқушылардың мектепке бейімделуі туралы ақпараттар беріп, түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

11 сынып оқушыларына **"Мамандық таңдау - өміріңіздің бір кірпішін дұрыс қалау"** атты дөңгелек үстел өтті. «Ісім оңсын десеңіз, сол істің маманы болыңыз. Даңқым шықсын десеңіз, көпшіліктің адамы болыңыз» - деп Әл-Фараби айтып кеткен. «Кәсіби бағдар күні» бойынша мектеп өмірімен тығыз байланыста жүретін 11"Ә"сыныбының белсенді әкелері Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттары Толамисов Амангелді,Ғабдылкәрімұлы мен Сарыбаев Ғалиаскар Төлендіұлы балалармен мектеп кітапханасында тағылымға толы сұхбат жүргізді. Мамандық таңдауда оң шешім қабылдауға, еңбек қуанышын сезінуге, адами қасиеттерді, құндылықтарды бірге ұстап, еңбекті қадірлей білуге байланысты пікір алмасты. 11 А сынып оқушылары өз тараптарынан түрлі сұрақтар қойып, еркін сұхбат айдарында сұрақтарына жауап ала алды.

Орынд: ТІЖО Б. Нуртазина

